**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының**
**«Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК кезектен тыс жиналысының**
**№ 05 ХАТТАМАСЫ**

Шорнақ ауылы 16.06.2023

**Төраға: Қарабаев Нұрсұлтан Жансейтұлы – Басшының орынбасары**
**Хатшы: Абубакирова Лаззат**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын-алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

**Төрағалық етуші Н.Қарабаев:** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттарына мыналар жатады: барлығының заң мен әділеттілік алдындағы теңдігі, ашықтық, жариялылық және қоғам алдында есеп беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды кешенді қолдану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінен бас тарту.

Жаңа тұжырымдаманы жүзеге асыруға барлық қызметкерлер атсалысуы керек. Сыбайлас жемқорлықтың белең алуына тосқауыл болатын барлық шараларды қабылдау қажет. Бұл бағыттағы жұмыстарды автоматтандыру және цифрландыру кезек күттірмейтін мәселе екенін айтып өтті.

Жиналыс барысында туындаған мәселелер жан-жақты талқыланды, қызметкерлер қойған сұрақтарға нақты жауап берілді.

Жиналыс төрағасы Н.Қарабаев жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы** **Н.Қарабаев**

**Хатшы** **Л.Абубакирова**



